

Атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Форт-Шевченко ауылы әкімінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы № 77 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабына сәйкес, Республикалық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 07 қарашадағы қорытындысы негізінде және Форт-Шевченко қаласы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, қала әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы Форт-Шевченко қаласының атауы жоқ көшелеріне төмендегідей есімдер берілсін:

1). Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Жаңа-Кетік шағын ауданының II кварталында орналасқан Қ.Қаниев көшесінің шығыс бөлігіндегі атауы жоқ көшеге Қадір Ергенбаев есімі берілсін;

2). Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Жаңа-Кетік шағын ауданының IIa кварталында орналасқан атауы жоқ көшеге Тәбіш Қошақбаев есімі берілсін;

3.) Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Жаңа-Кетік шағын ауданының IV кварталында орналасқан атауы жоқ екінші көшеге Нұрберген Исаев есімі берілсін;

4). Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Жаңа-Кетік шағын ауданының IV кварталында орналасқан атауы жоқ үшінші көшеге Мұқан Мұңалов есімі берілсін;

5). Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Жаңа-Кетік шағын ауданының IV кварталында орналасқан атауы жоқ төртінші көшеге Құрбан Адырақов есімі берілсін;

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі А. Курманов